

**Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп  
№335**

Үшарал қаласы

20 қыркүйек 2019 жыл

Аудит объектісінің атауы: «Алакөл аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Біз, Алматы облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қаржылық есептілік аудиті бөлімінің бас-маман мемлекеттік аудиторы Қ.Қ.Шарипов және қызметті қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы-заңгер Е.М.Елубаев 2019 жылғы мемлекеттік аудит объектілер тізіміне және ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге берілген 2019 жылғы 06 қыркүйектегі №335 тапсырмаға сәйкес «Алакөл аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (*әрі қарай - Мекеме*) қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің және қаржылық жай-күйінің анықтығына, негізділігін бағалауға қаржылық есептілігінің көлемдеріне, кезеңділігіне жасау және ұсыну мерзімдері мен тәртібіне сәйкес 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бухгалтерлік баланс (*ҚЕ 1-Нысан*), қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп (*ҚЕ 2-Нысан*), қаржыландыру көздері бойынша (тікелей әдіс) мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп (*ҚЕ 3-Нысан*), таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп (*ҚЕ 4-Нысан*), қаржылық есептілікке түсіндірме жазба (*ҚЕ 5-Нысан*) есепті жыл ішіндегі оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысының дұрыс ұсынуына аудит жүргіздік.

*Қаржылық есептілік үшін мемлекеттік орган (мекеме) басшысының жауапкершілігі*

Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті ұсынуда мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік заңнамаларына сәйкес алаяқтықпен немесе қателікпен туындаған елеулі бұрмалаулардың жоқтығына, сонымен қатар қаржылық есептілік нысандарын және оларды жасау мен ұсынуда, аудит кезінде берілетін деректердің дәйектілігі, уақтылығы, объективтілігі мен толықтығы үшін Мекеме басшысы жауапты болады.

*Аудитордың жауапкершілігі*

Біз жүргізген аудит негізінде Мекеменің 2018 жылғы 1 қаңтардан 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы қаржылық есептіліктің есепті кезеңіне пікір білдіру жауапкершілігі болып табылады.

Аудит «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ Заңына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 19 наурыздағы №392 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы №167 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарына» сәйкес жүргізілді.

Бұл стандарттар бізді этикалық талаптарды орындауға, сондай-ақ қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтар болмайтынына, ақылға қонымды сенімді қамтамасыз ету үшін аудитті жоспарлауға және жүргізуге міндеттейді. Аудит



- 6) 308 нысаны;
- 7) дебиторлық берешек туралы есеп;
- 8) кредиторлық берешектің пайда болу себептері туралы ақпарат;
- 9) бұйрықтары;
- 10) еңбекшарттары;
- 11) пайдаланылған жұмыс уақытын есепке алу және жалақыны есептеу табелі;

Есепті құжаттың деректері негізінде қаржылық есептілікті қалыптастыруға әсер ететін бұрмалаулардың (сомасы **64,3 мың.теңгені** құрайтын мерзімді баспасөз басылымдарын есеп айырысу кезінде 1420 «Алдағы кезеңдердің шығыстары» шотының дебеті және 1091 «Жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары» қосалқы шотының кредитіне жазылмағаны және сомасы **5 615,0 мың.теңгені** құрайтын жергілікті басқару органдарына берілетін трансферттері «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп» ҚЕ-2-нысанының 133 «Нысаналы трансферттер» (7210 шоты) жолы бойынша кате көрсетілгені) **жалпы сомасы 5 679,3мың.тенге**, сондай-ақ, бұл аталған бұрмалаулар тексерілген есепті кезеңнің қаржылық есептілігіне әсер етті.

Осылайша, 2018 жылға қаржылық есептілікті жасау кезінде бухгалтерлік баланс көрсеткіштерінде келесі регламенттелген талаптар сақталмаған:

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпанындағы № 234 заңының 5 бабына сәйкес (қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамаларының бірі - сенімділік);

№468 Ереженің 3 тармағына сәйкес (қаржылық есептілікті жасау кезінде мынадай талаптар сақталады: есепті кезеңдегі барлық операциялардың толық және дұрыс көрсетілуінің дұрыстығы).

Қаржылық есептілік аудитінің аяқталуы.

Қаржылық бақылаудың материалдары, жылдық есеп пен оның қосымшалары, тағы басқа құжаттамалар қағазнысанда ұсынылды. Аудит бағдарламасына сәйкес қаржылық есеп аудитін жүргізу үшін алынған мекеменің қаржылық жұмыс құжаттары кері қайтарылды. Аудит мекемеде нақты бар қаржылық құжаттар шеңберінде жүргізілді. Осы аудитпен «Алакөл аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесімен 2018 жылы өткізілген мемлекеттік сатып алудың заңдылығы мен жасалынған келісім шарттардың заңдылығына тексеру жүргізілген жоқ. Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу барысында бақылау объектісі тарапынан кедергілер туындаған жоқ.

2018 жылдың есепті кезеңіндегі мекеменің қаржылық есептілігі белгіленген нысандар №468 Ереженің талаптарына сай мекеменің басшысы мен бас бухгалтерінің қолдары қойылып, толық көлемде және уақытында жасалған.

2018 жылғы қаржылық есептілік бойынша бұрмалау фактілері үшін ҚР ӘҚБК 238 бабының 1 тармақ 2 тармақшасына сәйкес (бұрмаланған қаржылық есептілікті жасау, бухгалтерлік есепте көрсетілуге жататын деректерді жасыру, сол сияқты ірі залал келтірмеген бухгалтерлік құжаттаманы жою түрінде жасалған Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында көзделген міндеттерді жеке және лауазымды



адамдардың орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы) елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу әкімшілік жауапкершілігі қарастырылған.

Осы баптың ескертпесіндегі 2 тармақ бойынша қаржылық есептілікті бұрмалау деп жиырма айлық есептік көрсеткіштен астам сомаға бұрмалау танылады, яғни қаржылық есептіліктегі бұрмалау сомасы 2019 жылға 50 500,00 теңгеден астам болған жағдайда. Есепті кезеңдегі қаржылық есептілікке әсер еткен бұрмалау сомасы 5 679,3 мың.теңге. Бұрмалау сомасы жиырма айлық есептік көрсеткіштен асуына байланысты, әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Сонымен қатар, аудит барысында Мекеменің бухгалтерлік есебінде мыналар есепке алу бойынша қалпына келтірілді:

- сомасы **64,3 мың.теңгені** құрайтын мерзімді баспасөз басылымдарын ҚЕ 1-Нысанындағы 022 жолына (1420 шоты) қайта қалпына келтірілді;

- сомасы **5 615,0мың.теңгені** құрайтын жергілікті басқару органдарына берілетін трансферттері «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп» ҚЕ-2-нысанының 133 «Нысаналы трансферттер» (7210 шоты) жолы бойынша кате көрсетілгені жойылды, «Қаржылық қызмет нәтижелері туралы есеп» ҚЕ-2-нысаны қалпына келтірілді.


*(Бухгалтерлік анықтама, бас маманның түсініктемесі қоса беріледі)*

Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп екі (үш) данада (*керегінің астын сызу керек*) жасалды.

Қосымшалар: \_\_\_\_\_ парақта: *(01.01.2019 ж. жағдай бойынша бухгалтерлік баланс, қаржы қызметінің нәтижелері туралы есеп, қаржыландыру көздері бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп (Тікелей әдіс), таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есеп, қаржылық есептілікке түсіндірме жазба, штаттық кесте, штаттан тыс қызметкерлердің тарификациялық тізімі, 5-34, 5-20 нысан, салыстыру актілері, 31.12.2018 ж. шығыстар бойынша жиынтық есеп (№4-20 нысан), жеке куәлік, тағайындау туралы бұйрық, мекеменің Ережесі, №22 бұйрық, бухгалтерлік анықтама, түсініктеме және т. б.).*

**Мемлекеттік аудит тобы:**


**Алматы облысы бойынша ІМАД  
қаржылық есептілік аудиті  
бөлімінің бас маман-мемлекеттік  
аудиторы**



**Шарипов Қ.Қ.**

*Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті танысу күні:  
2019 жылғы «19» қыркүйек*

**«Алақөл аудандық қаржы бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің басшысы**



**Кокенова Ж.Т.**